

мира неизменно укреплялись, в результате чего человечество естественным образом пришло к ситуации, когда серьезные проблемы, возникающие в некотором регионе земли, неизбежно отражаются на состоянии всей планеты. Такой эффект наблюдается во всех сферах, в том числе и экологической. Во-вторых, не менее важной причиной стало развитие научно-технического прогресса, последствия которого проявились буквально во всех сферах жизнедеятельности людей.

Ухудшение глобальной экологической ситуации на земле характеризуется качественным изменением и усложнением международной обстановки. Стремительное развитие процесса глобализации обусловило дальнейшую трансформацию международных отношений. Взаимопроникновение национальных экономик, развитие информационного обмена в мире, научно-технический прогресс в совокупности к тому, что процесс глобализации еще больше расширился. В новых условиях глобализации наблюдается трансформация структуры безопасности. На сегодняшний день, оказавшись в условиях обострения экологического кризиса, страны мира принимают всевозможные меры для устойчивого развития и разрабатывают национальные концепции государственной безопасности, в которой экологическая безопасность имеет первостепенный характер, так как экологическая безопасность является важной предпосылкой устойчивого мирового развития.

Вопросы обеспечения экологической безопасности и проблемы устойчивого развития сегодня приобретают особую актуальность и трактуются как наиболее первостепенные для каждого государства. На сегодняшний день в условиях глобализации для любой страны экологическая безопасность считается обязательной, необходимой и наиболее важной частью общей государственной политики. Экологическая безопасность каждого государства в

отдельности определяет общую международную политическую стабильность и безопасность мира.

На нынешнем этапе своего развития человечество столкнулось с широкомасштабными экологическими проблемами. Загрязнение водных ресурсов, уменьшение площади лесов, исчезновение биологических видов, накопление опасных отходов - эти и другие проблемы не могут быть решены усилиями одного государства. Сплоченность и интеграция политики разных государств, участие общественности могут послужить мощным средством защиты окружающей среды и безопасности людей.

1. Сарсембеков В.Т. Экологическая безопасность Китайской Народной Республики в современных международных отношениях: автореф. дисс.канд. ист. наук: 07.00.15. – Алматы, 2007. – 27 с.
2. Морозова В.Н. Мировая экологическая политика и международное экологическое сотрудничество// Учебно-методическое пособие для вузов. - Воронеж, 2007.
3. Кожаков А.Е., Сарсембеков Т.Т. Водное законодательство государств-участников Содружества Независимых Государств и международно-правовое регулирование водных отношений. Алматы: Атамұра, 2006. – 232 с.
4. Прохоров Б.Б. Экология человека: учебник для студ. высш. учеб. заведений/ М. – Издательский центр “Академия”, 2008. – 305 с.
5. Станбаева С.О. Экологическая безопасность Республики Казахстан в свете Стратегии “Казахстан - 2030”: политологический анализ: автореф. дисс...канд. полит. наук: 23.00.02. – Астана, 2008. – 27 с.
6. Официальный сайт Министерства Охраны Окружающей среды Казахстана// www.nature.kz

Мақалада экологиялық қауіпсіздік, оның мәні мен жаһандану жағдайындағы мемлекеттің кейінгі дамуына тигізген әсері қарастырылған.

This article focuses on the environmental safety of its substance and impact on further development of the state in a globalizing world.

А.Ә. Түргенбай, А. Абуова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Қытаймен ортақ шекарасы бар мемлекеттердің барлығын бүгінгі таңда толғандыратын негізгі мәселелер Қытайдың халық саны бойынша жетекші мемлекет болуына, заңсыз миграциялардың көбейіп, ҚХР-ның жұмыс күшінің үлкен бөлігін жұмыспен қамтамасыз ете алмауына және «Қытай қаупі» концепциясының күн сайын кең етек алып келе жатқандығына байла-

нысты туындап отыр. Қазақстандық хуацяолардың бүгінгі қоғамда жиі айтылатын «қытай экспансиясы» тақырыбына қаншалықты қатысты екенін ашып көрсету басты мақсатымыз болып табылады. Осыған орай Қазақстандағы қытай диаспорасының қалыптасу тарихы мен олардың әлеуметтік жағдайы, олардың Қазақстанға қоныс аударуының негізгі себептерін

ашып көрсету сияқты міндеттерді алдыға қойып отырмыз.

Алдымен жалпы «хуацяо» деген ұғымға түсініктеме бере кетейік. Хуацяо деп шет елге уақытша немесе тұрақты мекен етуге көшіп кеткен этникалық қытайларды атаймыз. Түрлі деректерге сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда әлемде Қытайдан тыс жерлерде, негізінен Америка, Оңтүстік Шығыс Азия және Еуропада тұратын 35-50 млн. этникалық қытайлар бар [10].

Алматы қаласындағы Қытай мәдени орталығы басқарма мүшесі Валерий Ван Чан Линнің айтуы бойынша, Қазақстанда хуацяолардың қоныстануын негізгі 3 кезеңге бөліп қарастырамыз.

Оның алғашқысы, 1937—1945 жапон-қытай соғысы жылдарындағы Кеңес Одағына қашып келіп, үлкен бөлігінің төлқұжаты болмағандықтан, лагерьлерге жапон тыңшылары ретінде қуғындалған қытайлықтар (мәлімет үшін, Кеңес Одағы жылдары Қазақстанда 50 лагерь орналасқан). Қытайлықтардың Қазақстанға көптеп қоныс аударуының екінші толқыны ретінде сонау 60-жылдардың басында қытайлықтардың көп бөлігін батыс аймақтарды, атап айтқанда, Қазақстанмен шекаралас Шыңжаң өңірін игеруге жібергенде шекара бұзып қазақ жеріне қашып келгендерді айтамыз. Үшінші толқын қатарына тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары көшіп келіп жатқан қытайлықтарды жатқызамыз. Ван Чан Лин мырзаның айтуы бойынша, алғашқы толқынмен көшіп келген жергілікті қытайлар оларды «жаңа қытайлар» деп атайды [10]. Олардың негізгі бөлігі бизнесмендер, кәсіпкерлер, мұнай құбыры құрылысы саласындағы мамандар және саудагерлер.

Атап өтерлік жайт, тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі алғашқы жылдары кішігірім саудагерлер көптеп келсе, бүгінгі таңда олар елімізде жылжымайтын мүлік сатып алып, қытай капиталының көмегімен кәсіпорындар ашып, түрлі тамақ өнімдері мен киім-кешек шығарумен айналысады. Әділет Министрлігінің хабарлауы бойынша, Қазақстанда 78 қытай компаниясы аккредиттелген, сонымен қатар қытай капиталының қатысуымен құрылған негізінен мұнай өнімдерін, тоқыма бұйымдары, желім және металл бұйымдарын жасап шығаратын және басқа да қызмет көрсету салаларын қамтитын 3964 кәсіпорын және 65 филиал тіркелген [10]. Қазақстандағы Қытай миграциясының негізгі орталықтары ретінде Алматы, Астана қалаларын, Батыс және Шығыс Қазақстан облыстарын атап көрсетуге болады. Алматыда қытай компанияларының уәкілдіктері және көтерме сауда базарлары орналасқан, ал Астанада қытайлықтар құрылыс саласында белсенділік та-

нытып отырса, БҚО-да негізінен мұнай және газ шығарумен айналысатын кәсіпорындарда жұмыс істейді.

Жоғарыда Ван Чан Лин мырза айтқандай Қазақстандағы қытай диаспорасының қалыптасуы өткен ғасырдың 90-жылдарының еншісінде деуге болады. Бүгінгі күні Қытай мәдени орталығы қарамағында Қазақстандағы қытайлықтар үнемі мерекелік жиындар мен концерттік бағдарламалар ұйымдастырып, жиналып тұрады.

Кейбір деректер бойынша 50-жылдары Алматы қаласының бүгінгі «Саяхат» ауданының маңында кішігірім «чайна таун» орналасқан [10]. Бүгінгі таңда алғашқы толқын қытайлары құрған бұл «чайна тауннан» тек естеліктер ғана қалған. Алайда Т. Жиенғалиев ол «естелік емес» қазіргі таңда да Алматы қаласына жақын жерде орналасқан Заря Востока ауылы мен қала ішіндегі «Айнабұлақ» ықшам ауданында ханьдықтардың кішігірім «чайна-таундары» бар екендігін атап көрсеткен [11].

Бүгінгі таңда Қазақ жерін мекен етіп жатқан қытайлықтардың нақты санын білу бірнеше факторға байланысты мүмкін емес болып отыр. Олар:

- сонау репрессия жылдарында көптеген қытайлықтардың өз фамилияларын жасырып, тіпті ауыстырып тастауы, ал олардың аралас некеден туылған балалары құжаттарда өздерін орыс, украин, қазақ т.б. ұлт атауларын тіркеп жаздырған;

- «алғашқы толқынның» бір бөлігі сол күйі азаматтық алмаған;

- қытайлардың енді бір бөлігі мүлдем заңсыз кірмелер қатарына жатады [10].

Қазақстанның құқық қорғау органдарының мәліметі бойынша Қазақстанға жыл сайын 50 мыңға жуық ҚХР азаматы кіріп, солардың 30 мыңы ғана еліне қайта оралады екен [10]. «Синьхуа» агенттігінің және Ресей стратегиялық зерттеу институтының мәліметі бойынша, бүгінгі таңда ҚР тұрып жатқан этникалық қытайлықтардың жалпы саны 300 мыңды құрап отыр [6, 10], бұл 300 мың қытай өкілі жалпы Қазақстан халқының 2% құрайды, алайда 2008-2009 жылдары Қазақстанда тек 37 мың ҚХР азаматы ресми түрде тіркелген [2, 9] (салыстырмалы түрде алғанда 1997 жылы ресми түрде тіркелген қытайлардың саны 1-1,5 мың болған).

Қытайлардың Қазақстанға көптеп қоныс аударуының негізгі себебі неде деген сұраққа жауап беріп көрейік. Атақты мәдениеттанушы және қоғам қайраткері, қытайтанушы, 90-жылдардың басындағы Қазақстанның Қытайдағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарған Мұрат Әуезовтың пікірінше, Қытайдың елімізде

жүзеге асырып отырған кез келген жобасы бұл – қытай халқының жаппай көшіп келуін легализациялаудың бір тәсілі ғана, бұл тек жұмыскерлер мен инженерлерге ғана қатысты емес, сонымен қатар Қытайдан келіп жатқан дәрігерлер, аспаздар, басқа да қызмет көрсету мамандары мен кадрларына да қатысты айтылған. Ағамыз сонымен қатар ҚХР Қазақстан экспансиясын батыс аймақтардан бастағандығын және ҚХР азаматтары қолына мемлекеттік құпия қатарына жататын сонау Кеңес Одағы кезінде жасалған кен ошақтары карталарының түскедігін хабарлады [4]. Мұны ҚР Мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаевтың депутаттар алдында берген есебі дәлелдей түскендей. Оның айтуы бойынша, 2010 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда қытайлық компаниялардың үлесі 50-100 пайыз аралығын құрайтын 15 мұнай-газ компаниясы тіркелген, бұл компаниялармен игеріліп отырған мұнай көлемі 25,13 млн тоннаны құрап отыр. Бұл тұста елімізде бір жылда шығарылатын мұнайдың жалпы көлемі шамамен 80 млн тоннаны құрайтындығын есепке алу керек [4].

Хлюпин В.Н. өзінің «Қазақстанды қытайландыру қалай жүзеге асады» деген мақаласында У Гогуан және Ван Чжаоцзюнь деген Қытайдың атақты ғалымдарының «Дэн Сяопиннен кейінгі Қытай: негізгі 10 мәселе» еңбектерін негізге ала отырып, бұл еңбекте келтірілген табиғи базаның аздығы, халық санының қарқынды көбеюі, су тапшылығы, жердің жетіспеуі және т.б. мәселелерді айта келіп, бұл мәселелердің негізгі шешімі – «демографиялық экспансия» деп ашық жазғандығын сынады [6]. Сонымен қатар ол Қытай экспансиясының түп тамыры тарихта жатқандығын, оның белгілі бір дәрежеде дәстүрге айналып, өзіндік философиясы, түрлері мен формасы бар екендігін жазған. Автор «Экспансия жүргізуде «хуацяоларды» пайдалану бұрыннан сынақтан өткен және қолданылып келеді» - деген. Оның ойынша, Қытайдың Орталық Азияға енудегі алғашқы қадамы «тыныш экспанциялау», яғни түрлі кішігірім кәсіпорындар, бірлескен компаниялар, белді фирмалар мен банктер ашу, жалдамалы жұмысшылар мен шаруалар жіберу, «туристер» қызығушылығының туындауы, шекаралық аймақтарда көптеп қытайлықтардың қоныстануынан басталады [6].

Қытайдан мигранттардың көптеп келуінің тағы бір себебі ретінде Қырғызстан мен Қытай арасында және Қазақстан мен Қырғызстан арасында визасыз режимнің болуын да атап көрсетуге болады [7].

Айтылған мәселелерден қорытынды шығара келе, Қытай халқының Қазақстанға көптеп қоныс аударуына әсер ететін негізгі 3 факторды

атап өткім келіп отыр:

1. Демографиялық фактор. Бүгінгі таңдағы Қытай халқының жалпы саны 1,36 млрд адам, бұл ТМД елдері халқының жалпы санынан 5 есеге, ал ҚР халық санынан 85 есеге көп [8]. Қытайдағы халық тығыздығы 139,57 адам/км²-ты құрап отыр [12]. Егер Қытай халқының жыл сайынғы өсімі 16 млн, яғни мемлекетіміздің жалпы халық санына тең екенін және 2000 жылы жұмыссыз шаруалардың саны 230 млн-ға, ал экономиканың басқа да секторларында 130 млн-ға жеткенін ескерсек [6], халқының жалпы саны бар-жоғы 17 млн. құрайтын Қазақстанға Қытайдан көшіп келушілердің көптеп келуі табиғи жайт. Бұл тұста қазақстандық саясаттанушы М. Түлеевтің «Қытайдың демографиялық жағдайы – онымен көршілес елдердің барлығына да бас ауыртарлық жайт» деген пікірін атап өтуге болады.

2. Сауда-экономикалық фактор. Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың нығаюы, Қытайдың Қазақстандағы түрлі жобаларға инвестиция құюы, еліміз арқылы өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің салынуы, Ата-су-Алашанькоу мұнай құбырының іске қосылуы [5], Қытай инвесторларының Батыс Қазақстандағы көптеген мұнай-газ компанияларымен келісімшарт жасасып, акцияларын сатып алуы сияқты мәселелерге байланысты елімізге Қытайдан кадрлар, бизнесмендер, түрлі фирмалар мен кәсіпорын өкілдері көшіп келіп жатыр [3].

3. Геосаяси фактор. Бұл фактор Каспий теңізі мен Орталық Азия аймағында ықпал ету үшін күреске байланысты Қытай мен Қазақстан арасындағы интеграциялық үдерістердің қарқынды жүруіне орай туындап отыр.

Үстіміздегі жылдың сәуір айында Шыңжаң газет тресі мемлекеттік тіркеуден өткен «Хасакэсытань хуацяо бао» («Қазақстандық хуацяо») газетін шығаруды бастағанын атап өткен абзал. Бұл газет айына екі рет орыс және қытай тілдерінде шығып тұрады және негізінен Қазақстандағы қытай диаспорасының өкілдеріне ҚХР-дағы саяси, экономикалық, мәдени өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтар жайлы ақпарат беруге бағытталған [10].

Дәстүрлі қытай түсінігінде азаматтық мәселесі шешуші орын алмайды, ең бастысы – ата-бабаларыңның шыққан тегі, яғни арғы атаң Қытайда туылған болса, сені Қытайдың тұрғыны ретінде қабылдайды. Сондықтан дәстүр хуацяоларды бөліп жарып қарастырмайды, керісінше қытайлықтар оларды тағдыр тәлкегімен шет елге көшуге мәжбүр болған отандастары ретінде қарастырады. Сол себепті болар, көп жағдайларда хуацяолар, ең алдымен, Қытайдың, ал

кейіннен тұрып жатқан елінің мүддесін ойлайды. Бұл орайда, Қытай азаматтарының Қазақстандағы еңбек ету көлемінің негізгі көрсеткіші ретінде төлем балансы жайлы жазылған «Жұмыскерлердің ақшалай аудармалары» мақаласын атап өтсек болады. Соңғы бірнеше жылдар ішінде бұл көрсеткіштің өсімі айқын байқалып отыр, яғни 2000 жылы – 74,3 млн долл., 2001 жылы – 143,3 млн долл., 2002 жылы – 286,2 млн долл., 2003 жылы – 421 млн долл., 2004 жылы – 805, 8 млн долл. Құрады [7]. Көріп отырғанымыздай, не бары 5 жылдың ішінде ақшалай аудармалардың көлемі 10 есеге дейін өскен. 2005-2006 жылы Қазақстаннан Қытайға жіберілетін ақшалай аударма үлесінің өсу тенденциясы сақталып қалды. Мамандардың есептеуі бойынша, бұл аудармалардың 90% Қазақстан нарығында қызмет ететін қытай жұмысшылары мен бизнесмендердің ақшалай аудармалары құрайды [7].

2006 жылы шет елде жұмыс істейтін отандастарынан Қытайға 22,5 млрд долл. Көлеміндегі ақшалай салым түскен, алайда мамандардың есептеуі бойынша бұл соманың 60% заңсыз түрде түскен [7]. Қазақстанда тұратын кейбір хуацяолардың еліміздің салық төлеу жүйесін елемей Қытайға ақша жіберетіндігі мәлім болып отыр, мұндай жағдайлар хуацяолар мекен етіп жатқан басқа да елдерде кездеседі. 2005 жылы еліміздегі Қаржылай нарықты және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау агенттігінің Қытай Банкінің ақшалай аудармалар жасау лицензиясын 6 айға тоқтату туралы шешімі жоғарыда айтылған мәліметке дәлел боларлықтай. Бұл шешім ҚХР азаматтары болып табылатын жеке тұлғалардың тарихи отанына 3,7 млн АҚШ доллары көлеміндегі ақшалай аударымдар жасауы барысында ҚР прокуратурасымен олардың сауда-кәсіпкерлік қызметі нәтижесінде тапқан пайдасынан салық төлемегендігін анықталғаннан кейін қабылданған [7].

Қорытындылай келе, қытай диаспоралары әлемнің барлық дерлік мемлекеттерінде бар, оларға тән негізгі қасиеттер – халық санының басымдылығы мен ұйымшылдық. Қытайларда «нин цзюй ли» - мәдени бірліктің күші деген ұғым бар[4]. Оның мәні – қытай ұлтының адамы қайда тұрмасын, ол әрдайым «Ұлы Қытай» идеясына қызмет етеді дегенге сәйкес келеді.

Қазақстан мен Қытайдың географиялық жақындағының тиімді де, тиімсіз де тұстары бар. Бір жағынан, Қытай ұлы держава және еліміздің маңызды стратегиялық серіктесі, екі ел арасында өзара тиімді экономикалық ынтымақтасстықтың, интеграциялық үдерістің болашағы зор. Бірақ Қазақстан тек шикізат державасы ретінде

қала беретін болса, күндердің бір күні ҚХР экономикасының «нағыз толықтырып тұрушы» элементіне айналып кету қаупі бар. Қытай өзінің қарқынды даму жылдамдығын жалғастыра беру және миллиардтаған халықтың әлеуметтік жарылысына төтеп беру мақсатында шет елдерден жаңа шикізат көздері мен жұмыс орындарын іздеуді тоқтатпайды.

2005 жылғы Қырғызстан мен Өзбекстандағы оқиғалардан кейін, 2010 жылғы Қырғызстандағы мемлекеттік төңкерістен соң, Қытай үшін Орталық Азия аймағындағы стратегиялық тұрақты серіктес ретінде Қазақстанның алар орны үлкен [1, 2]. Қазақстан да ел экономикасын нығайтып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде Қытайдан біраз пайда көріп отыр. Сол себепті Қазақстан Қытаймен жан-жақты қатынастарын жалғастыра беруі керек, бірақ Қытайдың еліміздегі ықпалын, әсіресе қытай диаспорасының әрекеттерін бақылауда ұстап отыруы тиіс.

1. Элебаева А.Б. Развитие межэтнических отношений в новых независимых государствах, Бишкек, 1995, с. 172.
2. Кадырбаев А., Сыроежкин К. Китай и Центральная Азия// Казахстан и мировое сообщество, N 3(4), 1995, с. 36.
3. Кокарев К.А. Китайско-казахстанские отношения// Ред. Кожокин Е.М. Казахстан: реалии и перспективы независимого развития, М., 1995, с. 344.
4. Мурат АУЭЗОВ: Живя у горы, знай реки, текущие сверху// www.kaztag.kz
5. Китай — Казахстан: давление под видом партнерства?// www.analitika.org
6. В.Н. Хлюпин. Республика Казахстан: геополитические очерки. Китаизация Казахстана - как это будет // www.society.polbu.ru
7. Сидоров О. Мигранты могут стать угрозой для Казахстана// www.zakon.kz
8. Изимов Р. Возросшие амбиции Китая: стереотипы и объективная реальность (через призму казахстанско-китайских отношений)// www.journal-neo.com
9. В принципе, Китай может сам дать земли Казахстану...// www.nomad.su
10. Шелепова А. Хуацяо и другие// www.np.kz
11. Угроза китаизации. Нависла над нефтеносным казахстанским Атырауским краем// www.centrasia.ru
12. Плотность населения стран мира// www.ostranah.ru

В этой статье описывается переселение в Казахстан первых китайских мигрантов, становление китайской диаспоры в Казахстане, их социальное положение и место в нынешнем Казахстанском обществе.

The name of article is “Formation of Chinese Diaspora in Kazakhstan and it’s social position in society”. As the title implies, the article describes the main stages of Chinese migration to Kazakhstan, formation of Chinese Diaspora and their social position in nowadays Kazakhstan society.